

**Пікір**  
**6B03101 – «Психология» білім беру бағдарламасының элективті пәндер**  
**каталогына**  
**(бакалавриат, 2026 жылғы қабылдау)**

«Психология» білім беру бағдарламасы — заманауи қоғамның сұранысына сай әзірленген, мазмұны терең және тәжірибеге бағытталған бағдарлама. Бағдарлама инклюзивті және коррекциялық білім беру саласында, сондай-ақ тәуелділік мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу мен түзету бағытында кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Оқу жоспары психологиялық кеңес беру негіздерін, тұлғааралық қарым-қатынас психологиясын, эмоционалды күйзелістер мен тәуелділіктердің алдын алу мен түзету тәсілдерін қамтиды. Бағдарлама аясында студенттер инклюзивті мектептерде, түзету және оңалту орталықтарында, сондай-ақ кеңес беру және психотерапиялық тәжірибеде кәсіби машықтарын жетілдіреді.

Білім беру процесінде инновациялық әдістер, тренингтер, практикалық сабақтар және кәсіби супервизия элементтері қолданылады. Бұл студенттердің теориялық білімін тәжірибеде қолдануға, психологиялық көмек көрсету мәдениетін және этикалық жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді.

«Психология» білім беру бағдарламасы қазіргі заман талаптарына толық сәйкес келеді, мамандарды кәсіби, адами және этикалық тұрғыдан дайындауға бағытталған, сондықтан жоғары бағаға лайық және оқу үдерісінде қолдануға ұсынылады.

ЖШС директоры «AMANAT MENTAL CLINIC»  Отепова А.О.

22.01.2026

